«Көкжайлаудың» келбеті

«Көкжайлау» шипажайы ұлттық экожүйеге зиян келтірмейді. Бұл туралы экологтар мәлімдеді. Тау-шаңғы шипажайына қатысты зерттеуді «Қазэкология» компаниясы жүргізген болатын. Компания директоры Амангелді Сқақовтың айтуынша, ұлттық саябақтың саф ауасына, топырақ жамылғылары мен өсімдіктерге ешқандай да зиян келмейді. Табиғи ортадан бөлек, тұрғындардың денсаулығы да басты назарда болмақ. Экологтардың пайымынша, тек құрылыс жұмыстары кезінде ғана қоршаған ортаға аздап зиян келуі мүмкін. Бірақ бұл заңнамада көрсетілген мөлшерден аспайды.

Байқоңырдың бақ-тәлейі

АҚШ-тың Қырым оқиғасына қатысты Ресейге жариялаған санкциясының бір ұшы Байқоңырға да тиюі мүмкін.

Сонымен Батыс жоғары технологиялық қорғаныс құрылғыларын экспорттауға шектеу қойғалы отыр. Осыған орай, «кейбір американдық жер серіктері Ресей аймағындағы ғарыш айлағынан ұшырылмайды» деген ақпар тарауда. Егер бұл сөз шындыққа сай келсе, Ресейге жалға берілген Байқоңыр ғарыш айлағы да санкциядан сырт қалмайды. Бүгінде Alta2G (Люксембург), Turksat4B (Түркия), Intarsat5F2 (Ұлбритания) телекоммуникациялық жер серіктерінің Байқоңырдан ұшырылуы кейінге қалуы мүмкін. Себебі «аталған құрылғыларда американдық электроника өнімі табылғандықтан экспортқа шығарылмай отыр», – деп жазады Space news сайты.

Әзірге Канаданың M3Msat жер серігінің Байқоңырдан ұшпайтыны анық болды. Өндіруші компания АҚШ жаңа санкциялар енгізерден бір апта бұрын Байқоңырмен арадағы қатынасты үзген.

ҚОЛДАУ

Тәлімі мол тренинг

Таяуда Орталық Азия Еуразия қоры мен Үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) сарапшамалық орталығы «Шеврон» компаниясының қолдауымен Алматыдағы Халықаралық Бизнес Академиясында «Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар саласындағы сарапшылар әлеуетін дамыту бастамасы» аясында қазақтілді жаттықтырушыларға арналған «Жобаны жүзеге асыру және басқару» атты тренинг өткізді.

Үш күнге созылған тренинг орыс тілін жетік меңгермеген ҮЕҰ-ы қазақтілді өкілдерінің өтінішіне орай мемлекеттік тілде өткізілді. Оған аймақтардан ҮЕҰ өкілдері қатысты. Тренингтің алғашқы екі күнінде түрлі жобалардың теориясы оқытылып-айтылды. Дәріс оқушылар мен жаттықтырушылар өз тәлім-тәжірибесімен бөлісті. Тренингке қатысушылар үшінші күні өздері дайындаған жобаны ортаға салып, жан-жақты талқылады. Сондай-ақ осы басқосу барысында ең үздік жоба айқындалып, ерекше атап өтілді. Барлық қатысушыларға сертификат берілді. «Біз осы тренингтен бөлек, өзіміздің сайтымызды аштық. Сайтқа түрлі мәліметтер енгізілді. Қызығушылық танытқан кез келген адамның тегін ақпарат алуына мүмкіндік жасадық», – деп атап өтті жоба ұйымдастырушысы Алма Шолпанқұлова.

Бауыржан ШАҚЫРБЕКҰЛЫ,
тренингке қатысушы:

– Мен «Ұлт бірлігі» қоғамдық қорынан келдім. Бүгінгі қазақ тілінде өтіп жатқан тренингті ұйымдастырушыларға, тренерге өте ризамын. Бұрын-соңды ана тілімізде жүргізілген тренингті көрген емеспін. Өзім Қытайдан келген қазақпын. Жалпы, мұндай шаралар Астана, Алматы секілді ірі қалаларда ғана емес, еліміздің барлық өңірлерінде өтсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Нәзік ТҰРТАЙҚЫЗЫ